

**6D074800 – «Фармацевтикалық өндіріс технологиясы» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін PhD докторант Нұрғали Аманбайұлы Рахымбаевтың «Сасық қурай (*Ferula asafoetida* L.) экстракты негізінде дәрілік қалып алудың фармакогностикалық және технологиялық аспектілері» тақырыбына дайындалған диссертациялық жұмысына ғылыми кеңесшісі, фармация ғылымдарының докторы, профессор Сағындықова Баян Ахметовнаның**

## **ПІКІРІ**

Нұрғали Аманбайұлы Рахымбаевтың «Сасық қурай (*Ferula asafoetida* L.) экстракты негізінде дәрілік қалып алудың фармакогностикалық және технологиялық аспектілері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы жоғары өзектілікке ие. Мол өндірістік қоры бар отандық дәрілік өсімдік шикізатын ғылыми зерттеу, оның негізінде импортты алмастыратын дәрілік түр өзірлеу және оны өндіріске енгізу еліміздің фармацевтикалық саласының негізгі міндеті болып табылады.

Н.А. Рахымбаев өсімдік текті фармацевтикалық субстанция жасауда сасық қурайдың жер асты бөлігіне шикізат ретінде толық көлемде зерттеу жүргізді. *Ferula asafoetida* L. шикізатына фармакогностикалық талдау жүргізіп, Мемлекеттік фармакопея талаптарына сәйкес сапа көрсеткіштерін анықтады. *Ferula asafoetida* L. жер асты бөлігінен критикаға дейінгі жағдайда көмірқышқылды экстрактын алды, стандарттады және оның негізінде гель түріндегі жұмсақ дәрілік қалып алудың фармацевтикалық негізdemесін өзірледі.

Диссертант көмірқышқылды экстракты, сонымен қатар оның негізіндегі гельдің қауіпсіздігі және фармакологиялық белсенделілігін анықтау бойынша клиникалық емес зерттеулерін *in vitro* және *in vivo* әдістерімен жүргізді. *Ferula asafoetida* L. көмірқышқылды экстракты мен оның негізінде алынған гель қауіпсіз және аллергиялық реакциясының жоқ екендігі, айтартылған микробқа қарсы белсенделілік көрсететіні анықталды.

Диссертациялық жұмысты орындау барысында Н.А. Рахымбаев өзінің ғылыми-зерттеу жұмысына қабілеттілігін көрсете білді. Диссертациялық жұмыстың міндеттерін орындауда, сонымен қатар алдына қойған мақсатына жету үшін әдебиеттердің кең спектрін, инновациялық зерттеу әдістері мен технологияларды қолданған.

Н.А. Рахымбаевтың диссертациялық жұмысы бойынша 13 ғылыми мақала, соның ішінде Scopus халықаралық дерекқорына кіретін журналдардағы 1 мақала, ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған журналдарында 4 мақала, халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарында 7 тезис, 1 өнертабысқа патент дайындауды және жариялады.

Рахымбаев Нұрғали Аманбайұлы еңбеккорлығымен, өзіне қоятын жоғары талабымен, критикалық ойлау қабілетімен, ғылыми-зерттеу жұмыстарын іске

асыру барысындағы мұқияттылығымен, жұмыс нәтижелерін шығармашылықпен талдай білетіндігімен ерекшеленеді.

Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін Нұрғали Аманбайұлы Рахымбаевтың «Сасық қурай (*Ferula asafoetida L.*) экстракты негізінде дәрілік қалып алудың фармакогностикалық және технологиялық аспектілері» тақырыбына дайындалған диссертациялық жұмысы білікті, аяқталған ғылыми жұмыс болып табылады.

Диссертациялық жұмыстың өзектілігі, қойылған мақсаты мен міндеттері, ғылыми жаңалығы, тәжірибелі маңызы және нәтижелері 6D074800 – «Фармацевтикалық өндіріс технологиясы» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған жұмысы диссертацияға қойылатын талаптарға толығымен жауап береді. Осыған байланысты, автор Нұрғали Аманбайұлы Рахымбаев философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты.

Ғылыми кеңесші,

Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы,  
дәрілер технологиясы кафедрасының  
менгерушісі, фарм.ғ.д., профессор

